

Халықтың табысы аз топтарына мемлекеттік қолдау жасау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 шілде 1992 ж. N 584. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен. ~P020789

Бағаның одан әрі ырықтандырылуы жағдайында халықтың табысы аз топтарының әлеуметтік жағынан қорғалуын күшейту жөнінде мақсатты әрі нысаналы саясат жүргізу үшін және Қазақстан Республикасының "Қосылған құнға салынатын салық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Айына 1200 сомнан аспайтын зейнетақы алатын жұмыс істемейтін зейнеткерлерге 1992 жылғы шілдеде 250 сом мөлшерінде бір мезгілдік төлемдер берілсін.

Осы аталған төлемдер Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне де қолданылсын.

2. Материалдық жағдайына қарамастан балалы отбасыларына 1992 жылғы шілдеде мына мөлшерлер негізге алынып:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақы, кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына бірыңғай жәрдемақы, жалғыздікті аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау мен төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 2 наурыздағы N 177 қаулысына сәйкес айына 3 жасқа дейін - 433 сом, 3 жастан 18 жасқа дейін - 317 сом бірыңғай жәрдемақы төленсін.

3. Бұдан былай белгіленген тәртіппен республикалық бюджет қаржыларынан өтелетіндей етіп, зейнетақы қорының есебінен зейнеткерлерге - зейнетақы алатын жерлерінде, балалы отбасыларына - аналары жұмыс істейтін жерлерде бір апта мерзімде өтемдер мен жәрдемақылар төлеу жүзеге асырылсын.

4. Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 30 маусымдағы N 558 қаулысына сәйкес 1992 жылғы 8 шілдедегі N 584 қаулысының 4 тармағының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ=ы, 1992 ж., N 28, 416-бап);

5. Ең төменгі зейнетақы мөлшерінің 1992 жылғы 1 тамыздан бастап 900 сомға

дейін өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі уақтылы қайта есептеулер жасалып, қарттығы бойынша 900 сомнан кем болмайтын

мөлшерде зейнетақылар төленуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкінің бірінші кезекте зейнетақылар мен жәрдемақылардың төленуін қолға берілетін ақшамен қамтамасыз ететіні еске алынсын.

7. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі